

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2019 жылғы 2 қыркүйек

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасының Орынбасары Б.Ә. БЕКНАЗАРОВ жүргізді.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Қайырлы күн, құрметті депутаттар! Бесінші сессиядағы Парламент Сенатының алғашқы отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесі экранда көрсетілсін. Отырысқа 47 депутат қатысып отыр. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Бүгінгі Сенат отырысына Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы Қырымбек Елеуұлы Көшербаев қатысып отыр.

Құрметті депутаттар! Өздеріңізге белгілі, ел Президентінің Жарлығымен жаңа конституциялық мерзімге Нұртөре Байтілесұлы Жүсіп, Мұхтар Абрарұлы Құл-Мұхаммед, Андрей Иванович Лукин, Дариға Нұрсұлтанқызы Назарбаева, Дана Өмірбайқызы Нұржігітова, Қанатбек Бейсенбекұлы Сафинов, Ләззат Жаңылысқызы Сүлеймен және Асқар Оразалыұлы Шәкіров Сенат депутаттары болып тағайындалды.

Жаңадан тағайындалған әріптестерімізді құттықтаймыз.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Сіздердің депутаттық қызметтеріңізде абыройлы болуларыңызға тілектеспіз.

Енді отырысымыздың күн тәртібіне көшейік.

Бүгінгі отырыстың күн тәртібіне ұйымдастыру мәселелері ұсынылады. Құрметті әріптестер, басқа ұсыныстар бар ма?

ОРНЫНАН. Келісеміз.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Олай болса, күн тәртібі бойынша дауыс беріңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесі экранда көрсетілсін. «Қатысып отырғандар» – 47 депутат, «дауыс бермегендер» – 1, «жақтағандар» – 46. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті сенаторлар, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасын сайлау туралы.

Бұл мәселе бойынша сөз Президент Әкімшілігінің Басшысы Қырымбек Елеуұлы Көшербаевқа беріледі.

КӨШЕРБАЕВ Қ.Е. Қайырлы күн, құрметті депутаттар! Біріншіден, барлықтарыңызды жаңа парламенттік маусымның басталуымен құттықтаймын және жаңадан тағайындалған Сенат депутаттарын шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіздер.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

КӨШЕРБАЕВ Қ.Е. Сіздерге Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынымын оқып беруге рұқсат етіңіздер.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасын сайлау туралы Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабының 1-тармағына сәйкес Дариға Нұрсұлтанқызы Назарбаеваны Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы қызметіне сайлауды ұсынамын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Құрметті депутаттар, Қырымбек Елеуұлына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет, Қырымбек Елеуұлы.

Құрметті депутаттар, Дариға Нұрсұлтанқызына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Кандидаттың сөз сөйлеуінің қажеттілігі бар ма? Қалай дейсіздер?

Конституцияға сәйкес Сенат Төрағасы жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Сайлау өткізер алдында бұл мәселе бойынша сөз алғысы келетін депутаттар бар ма?

Депутат Құл-Мұхаммед.

ҚҰЛ-МҰХАММЕД М.А. Құрметті Бектас Әбдіханұлы, құрметті әріптестер! Дариға Нұрсұлтанқызының өмірі мен қызметі, білімі мен біліктілігі баршаларыңызға жақсы таныс. Ол тәуелсіздік жылдары Премьер-Министрдің орынбасары, Мәжілісі Төрағасының орынбасары, Сенат Төрағасы сияқты атқарушы және өкілетті билік саласындағы ең үлкен лауазымды қызметтерді абыроймен атқарған тәжірибелі қайраткер, саясаттанушы ғалым, есімі елге де, шет елдерге де танымал тұлға. Сондықтан бүгін Мемлекет басшысы Дариға Нұрсұлтанқызына зор сенім көрсетіп, осымен қатарынан екінші рет Сенат Төрағалығына ұсынып отыр.

Тәжірибелі саясаткердің кандидатурасын қолдауларыңызды өтінемін.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет.

Құрметті депутаттар, Сенат Регламентіне сәйкес ұсынылған кандидатураны жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге енгізу туралы Сенат қаулысын қабылдау керек. Осы қаулы бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 47 депутат, «жақтағандар» – 47. Шешім қабылданды.

Енді Сенат Регламентіне сәйкес Сенат Төрағасын сайлау бойынша жасырын дауыс беруді өткізу үшін санақ комиссиясын құру қажет. Сенат Регламенті бойынша санақ комиссиясы бес депутаттан сайланады. Қандай ұсыныстар болады?

ОРНЫНАН. Келісеміз.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Санақ комиссиясының құрамы жөнінде сөз сенатор Динар Жүсіпәліқызы Нөкетаеваға беріледі.

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. Құрметті Бектас Әбдіханұлы, құрметті әріптестер және шақырылған лауазым иелері! Сенат Төрағасын сайлау бойынша санақ комиссиясының құрамына келесі депутаттардың кандидатураларын ұсынамын: Бекназаров Нұрлан Құдиярұлы, Жұмағазиев Мұхтар Сабырұлы, Ершов Сергей Михайлович, Құртаев Әлімжан Сейітжанұлы, Қылышбаев Нұрлан Наурызұлы.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Құрметті депутаттар, санақ комиссиясының құрамы бойынша ескертпелер бола ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Онда ұсынылған санақ комиссиясының құрамына дауыс берейік. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 47 депутат, «жақтағандар» – 47. Шешім қабылданды.

Санақ комиссиясына өзінің бірінші отырысын өткізу үшін 2-3 минут көлемінде уақыт берейік.

Құрметті әріптестер, өздеріңізге арналған жұмыс орны дайын, солай қарай өтулеріңізді сұраймын.

Аппарат қызметкерлері, қажетті көмек ұйымдастырылсын.

Құрметті әріптестер, санақ комиссиясы бізге протокол туралы түсіндіргенше 2-3 минут көлемінде уақыт бар. Арамызда Президент Әкімшілігінің Басшысы Қырымбек Елеуұлы бүгін осы лауазымда бірінші рет қатысып отыр.

Қазір ғана тарихи сәт өтті, Мемлекет басшысының халыққа Жолдауын тыңдадық.

Қырымбек Елеуұлы, микрофонды қосып, мына кездесуді пайдаланып, сізді тыңдасақ.

КӨШЕРБАЕВ Қ.Е. Құрметті депутаттар! Әрине, кезінде бодандықта қанша өкініш болса, қазір тәуелсіздікте соншама жауапкершіліктің кезеңінде өмір сүріп жүрміз. Сондықтан Президенттің Жолдауында көп мәселелер айтылды. Халықтың ойында жүрген көкейтесті сұрақтарға жауап бар деп есептейміз. Үкіметпен бірге, сіздердің қолдауларыңызбен сол шараларды тезірек іске асырсақ, Елбасының айқындаған, көрсеткен стратегиялық жолын іске асыруда жетістіктерге жетеміз деп ойлаймын.

Қазір Президенттің Жолдауын дайындау арасында біз Үкіметпен бірге Ұлттық жоспардың жобасын дайындадық. Ертең Үкімет мәжілісінде Мемлекет басшысының Жолдауын орындау шараларын өздері қарайды, содан кейін Президенттің Жарлығымен Ұлттық жоспар бекітілетін болады. Сол кезде бір жең, бір қолдан шығарып, құрметті депутаттар, сіздердің қолдауларыңызбен көптеген заңдарға, заңнамаларға қосымшалар, өзгертулер енгізудің қажеттілігі туып отыр.

Өмір орнында тұрмайды, жаңа заңдардың жаңа новеллаларын қабылдау қажеттілігі туындап отыр. Сондықтан сіздердің тараптарыңыздан осы үйлесімді жұмысымызда жақсы нәтижелерге жетеміз деп үлкен үмітпен қараймын.

Шынында да Төрағаға рақмет. Күнде кездесіп жатқан жоқпыз, егер бұйымтайларыңыз болса, кездесіп айтатын аманаттарыңыз болса, айтыңыздар. Оны Президентке баяндап, тиісті шешімдер қабылдауға ықпал ететініме сіздердің алдарыңызда уәде беремін.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Жақсы, рақмет.

Құрметті әріптестер, комиссия құрамы келгенше өтініш, сұрақтар болса беріңіздер.

ОРНЫНАН. Дайын.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Дайын болса, онда кіре беріңіздер, құрметті әріптестер.

Санақ комиссиясының төрағасы трибунаға, ал депутаттар орындарына өтсін.

ҚҰРТАЕВ Ә.С. Құрметті Бектас Әбдіханұлы, құрметті әріптестер, шақырылған лауазым иелері! Парламент Сенатының Төрағасын сайлау бойынша санақ комиссиясының ұйымдастыру отырысы өтті. Осы отырыстың нәтижелерін жария етуге рұқсат етіңіздер.

№1 Хаттама. Санақ комиссиясының төрағасы болып Құртаев Әлімжан Сейітжанұлы, хатшысы болып Қылышбаев Нұрлан Наурызұлы сайланды.

№2 Хаттама. Парламент Сенатының Төрағасын сайлау бойынша жасырын дауыс беруге арналған сайлау бюллетенінің нысаны мен мәтіні бекітілді.

Бюллетень мемлекеттік тілде және орыс тілінде әзірленген. Онда Президент ұсынған кандидатураның аты-жөні енгізілген және «жақтаймын», «қарсымын», «қалыс қаламын» деген үш баған бар. Соның біреуіне белгі қойылады. Мұқият болуларыңызды сұраймын, егер депутаттың еркі дәл көрсетілмесе бюллетень жарамсыз деп саналады.

Дауыс беру рәсімі келесі тәртіппен жүргізіледі: депутаттар фойеге өтіп, санақ комиссиясының мүшелері отырған үстелге барады. Бұл кезде шақырылғандар Сенаттың отырыс залында қалады, депутат жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньді алып,

кабинаға кіреді, бюллетеньге өзінің қалауын білдіретін белгі қояды, кабинадан шыққан соң бюллетеньді арнайы жәшікке салады, сосын залға қайта оралады.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Құрметті депутаттар, санақ комиссиясының төрағасына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Сұрақтар болмаса, жасырын дауыс беру рәсіміне көшейік. Қазір жасырын дауыс беру рәсімін өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жарияланады.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН KEЙІН.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Құрметті әріптестер, отырысымызды жалғастырайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 48 депутат, қажетті кворум бар.

Енді жасырын дауыс беру нәтижесін жариялау үшін сөз санақ комиссиясының төрағасына беріледі.

ҚҰРТАЕВ Ә.С. Құрметті Бектас Әбдіханұлы, құрметті әріптестер мен шақырылған лауазым иелері! Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасын сайлау бойынша жасырын дауыс беру қорытындысы туралы санақ комиссиясы отырысының №3 Хаттамасы: «Санақ комиссиясы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасын сайлауға берілген дауыстардың есебін шығарды және мыналарды анықтады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасын сайлау бойынша жасырын дауыс беру бюллетеніне Дариға Нұрсұлтанқызы Назарбаеваның кандидатурасы енгізілген.

Дауыс беру үшін Сенат депутаттарына 48 бюллетень берілді. Дауыс беруге арналған жәшікті ашқан кезде 48 бюллетень алынды. Жарамсыз бюллетеньдер жоқ.

Берілген дауыстар бойынша бөлінді: «жақтағандар» – 48, «қарсы болғандар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы болып Сенат депутаты Дариға Нұрсұлтанқызы Назарбаева сайланды».

Санақ комиссиясы төрағасының, хатшысының, мүшелерінің қолдары бар. №3 Хаттаманы бекітуді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет сізге.

Сенат Регламентіне сәйкес санақ комиссиясының №3 Хаттамасын бекітуіміз қажет. Сондықтан, құрметті депутаттар, санақ комиссиясының №3 Хаттамасын бекіту жөніндегі ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беріңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 48 депутат, «жақтағандар» – 48. Шешім қабылданды, хаттама бекітілді.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Құрметті депутаттар, Сенат Регламентіне сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасын сайлау туралы Сенат қаулысын қабылдау керек. Осы қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беріңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 48 депутат, «дауыс бермегендер» – 1, «жақтағандар» – 47. Шешім қабылданды. Сенат Төрағасы сайланды. Құттықтаймыз!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы! Сізді Сенат Төрағасы болып сайлануыңызбен құттықтаймыз! Бұл аса жауапты лауазымды жоғары деңгейде атқарасыз деп кәміл сенеміз.

Сіздің басшылығыңызбен сенаторлар нәтижелі жұмыс істеуге әрқашан да әзір.

Президиумдағы жұмыс орныңызға шақырамын. Отырысты жүргізуді енді өзіңіз жалғастырсаңыз.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Д.Н. НАЗАРБАЕВА жүргізді.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, қадірменді әріптестер! Маған сенім білдіріп, қолдау көрсеткендеріңіз үшін үлкен рақмет айтқым келеді. Бұл мен үшін зор мәртебе және үлкен жауапкершілік.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының басшысы ретінде мен сүйікті отанымыздың гүлденуі үшін бар күш-жігерімді, білімім мен тәжірибемді жұмсаймын.

Құрметті Сенат мүшелері! Бүгін Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың халыққа арналған алғашқы Жолдауын Парламент Палаталарының бірлескен отырысында барлығымыз тыңдадық. Жолдауда ел өмірінің барлық салаларындағы ахуалға терең талдау жасалып, нақты практикалық міндеттер қойылды. Енді біздер оларды заңдар мен қаулылар тіліне көшіруіміз керек. Барлық әріптестерімді тығыз жұмыс кестесіне тезірек кірісуге шақырамын. Бұл үшін күздің жаңа қызмет жоспары іс жүзінде құрылған.

Құрметті депутаттар, жұмыс көлемі өсіп қана қоймай, олардың сапасына қойылатын талаптар да едәуір артатынын жеткізгім келеді. Ендеше, іске сәт! Баршамызға сәттілік тілеймін!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер! Қатарымызға қосылған жаңадан тағайындалған депутаттар көп жылдар бойы әртүрлі салаларда мемлекетіміздің күш-қуатын арттыруға аянбай еңбек сіңіріп келе жатқан азаматтар.

Сіздер жинаған мол тәжірибелеріңізді, күш-жігерлеріңіз бен терең білімдеріңізді заң шығару қызметінде ұтымды пайдаланады деп сенім білдіреміз. Депутаттық қызметтеріңіздің табысты болуына тілектеспіз!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Сонымен қатар Мемлекет басшысының Жарлығымен Президенттің Парламенттегі Өкілдігінің басшысы болып Бейбіт Өксікбайұлы Исабаев, ал Үкімет Басшысының Өкімімен Үкіметтің Парламенттегі өкілі болып Ермек Әмірханұлы Аманшаев тағайындалды.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Сіздерді құттықтаймыз, жаңа қызметтеріңізде Парламентпен тығыз байланыста жұмыс жүргізеді деп сенеміз. Заң шығару процесін жетілдіруге және депутаттар көтеретін маңызды мәселелердің оң шешуіне үлес қосасыздар деп бәріміз сенеміз.

Құрметті әріптестер, күн тәртібінің екінші мәселесі Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінен босату және осы қызметке сайлау туралы.

Бұл мәселе бойынша сөз Қазақстан Республикасы Президенті Өкімшілігінің Басшысы Қырымбек Елеуұлы Көшербаевқа беріледі.

КӨШЕРБАЕВ Қ.Е. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіз.

Ендігі сәтте Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы Президенттің ұсынымдарын оқып беруге рұқсат етіңіздер.

«Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді сайлау туралы Қазақстан Республикасы Конституциясы 55-бабының 1-1) тармақшасына сәйкес Асқар Оразалыұлы Шәкіровті Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары уәкілі қызметінен босатуды және осы лауазымға Эльвира Әбілқасымқызы Әзімованы сайлауды ұсынамын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев».

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Қырымбек Елеуұлына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Белгіленген тәртіп бойынша Президенттің ұсыныстарын Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті талқылап, қорытындылар әзірледі.

Слово для оглашения заключений комитета по данному вопросу предоставляется Волкову Владимиру Васильевичу.

ВОЛКОВ В.В. Спасибо.

Уважаемая Дарига Нурсултановна! Уважаемые коллеги! На основании представления Президента Республики Казахстан и в соответствии со статьей 55 Конституции Республики Казахстан, а также пунктом 3 статьи 22 Конституционного закона Республики Казахстан «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов» Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам пришел к заключению: рекомендовать Сенату Парламента Республики Казахстан освободить Шакирова Аскара Оразалиевича от должности Уполномоченного по правам человека в Республике Казахстан в связи с назначением на другую должность.

Второе предварительное заключение комитета. По результатам рассмотрения представления Президента Республики Казахстан, руководствуясь пунктом 3 статьи 22 Конституционного закона Республики Казахстан «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов», а также пунктом 82 Регламента Парламента Республики Казахстан, Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам пришел к следующему заключению: рекомендовать Сенату Парламента Республики Казахстан в соответствии со статьей 55 Конституции Республики Казахстан избрать Азимову Эльвиру Абилхасимовну на должность Уполномоченного по правам человека в Республике Казахстан.

ТӨРАҒА. Будут ли вопросы к Владимиру Васильевичу?
Мәселені талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Жоқ болса, жеке-жеке шешім қабылдауға көшейік.

Алдымен Асқар Оразалыұлы Шәкіровті Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінен босату туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 47 депутат, «жақтағандар» – 46, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – 1. Қаулы қабылданды.

Енді Эльвира Әбілқасымқызы Әзімованы Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметіне сайлау туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 48 депутат, «жақтағандар» – 48, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Қаулы қабылданды.

Эльвира Әбілқасымқызын жаңа қызметімен құттықтаймыз!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Аса жауапты лауызымды абыроймен атқаруға тілектеспіз. Президент пен Сенаттың сенімін ақтап, адал қызмет атқарады деп сенім білдіреміз сізге.

Құрметті Қырымбек Елеуұлы, бізге келіп Президенттің ұсыныстарын жариялағаныңыз үшін сізге үлкен рақмет, аман-сау болыңыз! Жаңағы айтылған уәделеріңізді ұмытпаңыз. Ал біз жұмысымызды жалғастыра береміз.

Құрметті сенаторлар! Белгіленген тәртіп бойынша жаңадан тағайындалған депутаттар Палата отырысында ант береді. Сондықтан ант беру рәсімін өткізейік.

Ант беру үшін мінбеге Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының келесі депутаттары шақырылады.

Нұртөре Байтілесұлы Жүсіп.

ЖҮСІП Н.Б. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Андрей Иванович Лукин.

ЛУКИН А.И. Я, Лукин Андрей, клянусь верно служить народу Казахстана, укреплять целостность и независимость Республики Казахстан, строго подчиняться ее Конституции и законам, добросовестно выполнять возложенные на меня высокие обязанности депутата!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Дана Өмірбайқызы Нұржігітова.

НҰРЖІГІТОВА Д.Ө. Мен, Дана Өмірбайқызы Нұржігітова, Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Қанатбек Бейсенбекұлы Сафинов.

САФИНОВ Қ.Б. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Ләззат Жаңылысқызы Сүлеймен.

СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Асқар Оразалыұлы Шәкіров.

ШӘКІРОВ А.О. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Осымен ант беру рәсімі аяқталды. Жаңадан тағайындалған әріптестерімізді тағы да құттықтаймыз. Бүгін берген анттарына адал болады деп сенім білдіреміз.

Құрметті сенаторлар, келесі мәселе Сенат Төрағасының Орынбасарын сайлау туралы. Конституцияға сәйкес Сенат Төрағасы Орынбасарының кандидатурасын Палата Төрағасы ұсынады. Конституцияға сәйкес маған берілген құқықты пайдалана отырып, Сенат Төрағасының Орынбасары қызметіне депутат Асқар Оразалыұлы Шәкіровті ұсынамын.

Асқар Оразалыұлы Шәкіровті өздеріңіз жақсы білесіздер, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері. Көп жылдар бойы әртүрлі саяси лауазымдарды абыроймен атқарып келеді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі, Сыртқы істер министрінің орынбасары, Кеден комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл сияқты қызметтерді жоғары деңгейде атқарды.

Асқар Оразалыұлы заң ғылымының кандидаты, ағылшын, қытай тілдерін меңгерген білімді және білікті маман.

Асқар Оразалыұлының мемлекеттік қызметте жинаған мол тәжірибесі Сенат Төрағасының Орынбасары лауазымында өте қажет және пайдалы болады деп санаймын. Сіздер менің ұсынысымды қолдайсыздар деп сенемін.

Асқар Оразалұлына сұрақтарыңыз бола ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талдау қажет пе?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Конституциялық нормаларға сәйкес бұл мәселе ашық дауыс беру арқылы шешіледі. Дауыс беруге көшейік.

Сенат Төрағасының Орынбасары лауазымына Асқар Оразалұлы Шәкіровті сайлау туралы ұсынысты және тиісті қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 47 депутат, «жақтағандар» – 46, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Қаулы қабылданды.

Асқар Оразалұлын Сенат Төрағасының Орынбасары лауазымына сайлануымен Палата атынан құттықтаймын!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Жауапты қызметті абыроймен атқарады деп сенім білдіремін.

Сөз жаңадан сайланған Сенат Төрағасының Орынбасары Асқар Оразалұлы Шәкіровке беріледі.

ШӘКІРОВ А.О. Құрметті Төрайым ханым, құрметті депутат мырзалар! Ең алдымен, құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, сізді Парламент Сенатының Төрағасы болып қайта сайлануыңызбен шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіз. Сізге жемісті және сәтті жұмыс тілеймін!

Сізге мені осы жоғары лауазымға ұсынғаныңыз үшін зор ризашылығымды білдіргім келеді. Өзім мұны ерекше сенім деп қабылдаймын.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Сенат депутатына тағайындалу мен үшін жоғары мәртебе, сонымен қатар үлкен жауапкершілік болып табылады. Осыған байланысты өзіме жүктелген міндеттерді атқаруға бар күшімді саламын.

Жоғары мәртебелі Елбасының арқасында, оның қолдауымен көптеген жылдар бойы мемлекеттік қызметтің әртүрлі саласында жұмыс істедім. Сонда жинақталған білім мен тәжірибені болашақ депутаттық қызметімде қолдануға, әрине, тырысамын.

Құрметті депутаттар, өздеріңіздің қатарларыңызда алдымызға қойылған жоғары міндеттерді жүзеге асыруға атсалысамын. Рақмет.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Рақмет. Президиумдағы орныңызға отырыңыз.

Құрметті сенаторлар, енді тұрақты комитеттердің төрағаларын сайлау туралы мәселені қараймыз. Тұрақты комитеттердің төрағалары қызметіне кандидатураларды ұсынбас бұрын дауыс берудің тәсілін анықтап алайық.

Бұл мәселе бойынша шешімді ашық дауыс беру арқылы қабылдасақ, қалай қарайсыздар? Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Ендеше шешімді ашық дауыс беру арқылы қабылдаймыз.

Комитет төрағаларын сайлау рәсіміне көшейік. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы бойынша қандай ұсыныстар болады?

Сөз Сәуле Мұханбедианқызы Айтпаеваға беріледі.

АЙТПАЕВА С.М. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы қызметіне Владимир Васильевич Волковтың кандидатурасын ұсынамын.

Владимир Васильевичті барлығымыз жақсы білеміз, білімді заңгер, көп жыл Сенаттың Аппаратында істеген. Екі жыл депутат ретінде бірнеше өткір, керекті мәселелерді Кедепутаттық сауалдар арқылы көтерген. Бұл қызметті ел үшін, отан үшін атқарады деп сенеміз.

Барлық заңдар толық, нақты болу үшін менің ұсынысымды қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа ұсыныс жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Кандидатқа сөз сөйлеу қажет пе?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Сұрақтарыңыз бола ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда дауыс беруге көшейік. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы лауазымына депутат Владимир Васильевич Волковты сайлау туралы ұсынысты және тиісті қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 47 депутат, «жақтағандар» – 47, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Қаулы қабылданды.

Владимир Васильевич, поздравляем Вас!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Келесі Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы бойынша қандай ұсыныс болады?

Сөз Төлеубек Төлеуұлы Мұқашевқа беріледі.

МҰҚАШЕВ Т.Т. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Мұхтар Абрарұлы Құл-Мұхаммедтің есімі елімізге кеңінен таныс саясаткер. Ол әр жылдарда министр, облыс әкімі, Мемлекеттік хатшы сияқты үлкен лауазымды қызметтерді үлкен абыроймен атқарып, Елбасының ерекше сеніміне ие болды.

Оны өткенде дәл осы залда Нұрсұлтан Әбішұлының өз аузынан естідік. Ол бұған дейін Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы ретінде әріптестерінің ерекше құрметіне ие болған азамат.

Сондықтан Мұхтар Абрарұлы Құл-Мұхаммедтің кандидатурасын жоғарыда аталған комитет төрағалығына ұсынамын. Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Төлеубек Төлеуұлы.

Тағы да басқа ұсыныстар бола ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Кандидатқа сөз сөйлеу қажет пе?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда дауыс беруге көшеміз. Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы лауазымына депутат Мұхтар Абрарұлы Құл-Мұхаммедті сайлау туралы ұсынысты және тиісті қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 48 депутат, «дауыс бермегендер» – 1, «жақтағандар» – 47, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Қаулы қабылданды.

Мұхтар Абрарұлы Құл-Мұхаммед комитет төрағасы болып сайланды, құттықтаймыз!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Енді Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы бойынша қандай ұсыныстар болады?

Сөз Еділ Құламқадырұлы Мамытбековке беріледі.

МАМЫТБЕКОВ Е.Қ. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы қызметіне Серік Рыскелдіұлы Джақсыбековтің кандидатурасын ұсынамын.

Бәріміз Серік Рыскелдіұлын жақсы білеміз, белгілі экономист-финансист, кәсіпкер, әріптестерінің ішінде үлкен авторитеті бар, жоғары лауазымдарда жұмыс істеген белгілі үздік маман, профессионал.

Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа ұсыныстар, пікірлер бола ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Кандидатқа сөз сөйлеу қажет пе?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда дауыс беруге көшейік. Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы лауазымына депутат Серік Рыскелдіұлы Джақсыбековті сайлау туралы ұсынысты және осы мәселе бойынша қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 48 депутат, «жақтағандар» – 48, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Қаулы қабылданды.

Серік Рыскелдіұлы Джақсыбеков комитет төрағасы болып сайланды, құттықтаймыз!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Енді әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы бойынша қандай ұсыныстар болады?

Сөз Серік Шыңғысұлы Бектұрғановқа беріледі.

БЕКТҰРҒАНОВ С.Ш. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы қызметіне Мұрат Бақтиярұлының кандидатурасын ұсынамын.

Мы все хорошо знаем его профессионализм, принципиальность и ответственность. Уверен, что его знания и большой опыт работы будут востребованы в качестве председателя Комитета по социально-культурному развитию и науке Сената Парламента. Прошу поддержать.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Басқа ұсыныстар, сұрақтар бола ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Кандидатқа сөйлеу қажет пе?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда дауыс беру рәсіміне көшейік. Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы лауазымына депутат Мұрат Бақтиярұлын сайлау туралы ұсынысты және тиісті қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 47 депутат, «жақтағандар» – 47, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Шешім қабылданды.

Мұрат Бақтиярұлы комитет төрағасы болып сайланды, құттықтаймыз!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің төрағасы Жеңіс Мирасұлы Нұрғалиев комитет төрағасы қызметінен ауысуға ниет білдірді. Заң бойынша комитет төрағаларының ондай құқықтары бар.

Жеңіс Мирасұлы екі жылдай осы комитетті нәтижелі басқарды, баршаңыз оған куәсіздер. Көптеген заңдар, аса маңызды парламенттік тыңдаулар мен үкімет сағаттарын өткізіп, аграрлық, табиғатты пайдалану секторларының мәселелерін шешуге өзінің қомақты үлесін қосты.

Жеңіс Мирасұлының комитет төрағасы ретінде атқарған қызметіне баршамыз ризамыз. Сізге үлкен рақмет.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Регламентке сәйкес бұл мәселе бойынша шешімді Палата отырысында депутаттар қабылдайды. Сондықтан Жеңіс Мирасұлы Нұрғалиевтың Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің төрағасы лауазымынан кетуі қабылдансын деген Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 48 депутат, «дауыс бермегендер» – 1, «жақтағандар» – 47, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Қаулы қабылданды.

Енді осы комитеттің төрағасы бойынша қандай ұсыныс болады?

Сөз Рашит Қайыржанұлы Әкімовке беріледі.

ӘКІМОВ Р.Қ. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің төрағасы қызметіне Әли Әбдікәрімұлы Бектаевтың кандидатурасын ұсынамын.

Қазіргі уақытта біздің мемлекетте өңірлердің дамуына, әсіресе ауылдық аумақтарды өркендетуге ерекше көңіл бөлініп отыр. Осыған орай «Ауыл» партиясының төрағасы Әли Әбдікәрімұлы Бектаевтың Сенаттың Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің төрағасына ұсынылуы орынды және болашақта ауылдық аумақтарды дамытуға оң ықпал жасайды деп сенемін.

Ұсынылған кандидатураны қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Рашит Қайыржанұлы.

Қарсылық жоқ қой? Басқа пікірлер, ұсыныстар, сұрақтар бола ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Кандидатқа сөз сөйлеу қажет пе?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда дауыс беруге көшеміз. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің төрағасы лауазымына депутат Әли Әбдікәрімұлы Бектаевты сайлау туралы ұсынысты және тиісті қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 48 депутат, «жақтағандар» – 48, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Қаулы қабылданды. Әли Әбдікәрімұлы Бектаев комитет төрағасы болып сайланды. Құттықтаймыз.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Тұрақты комитеттердің төрағалары лауазымына сайланған әріптестерімізді Палата атынан тағы да шын жүректен құттықтаймын. Жауапты қызметтерін абыроймен атқарады деп сенім білдіремін.

Құрметті депутаттар, келесі мәселе Сенат депутаттарын Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты тұрақты комитеттерінің құрамына сайлау туралы.

Жаңадан тағайындалған депутаттар қай комитеттің құрамында жұмыс істейтіндігі жөнінде өтініштерін берді. Сонымен қатар кейбір депутаттар басқа комитетте жұмыс істегісі келетіні жөнінде ниет білдірді. Депутаттардың ондай құқықтары бар, сондықтан депутаттардың таңдауын ескере отырып, Сәрсенбай Құрманұлы Еңсегенов, Андрей Иванович Лукин, Қанатбек Бейсенбекұлы Сафинов, Ләззат Жаңылысқызы Сүлеймен Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің құрамына қосымша; Жеңіс Мирасұлы Нұрғалиев Қаржы және бюджет комитетінің құрамына қосымша; Дана Өмірбайқызы Нұржігітова Халықаралық қатынастар, қорғаныс және

қауіпсіздік комитетінің құрамына қосымша; Дәурен Зекенұлы Әділбеков Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің құрамына қосымша; Нұртөре Байтілесұлы Жүсіп Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің құрамына қосымша; Марат Мырзағалиұлы Тағымов Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аймақтарды дамыту комитетінің құрамына қосымша сайлансын деген ұсыныс жасалады. Келісесіздер ме?

ОРНЫНАН. Келісеміз.

ТӨРАҒА. Басқа пікірлер болмаса, бұл мәселе бойынша қаулы қабылдайық. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 48, «дауыс бермегендер» – 1, «жақтағандар» – 47, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Қаулы қабылданды.

Комитеттерге жаңадан сайланған әріптестерімізге табыс тілейміз.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Осымен күн тәртібіндегі мәселелер толығымен қаралып болды. Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

Д. НАЗАРБАЕВА

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ

СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2019 жылғы 2 қыркүйек

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасын сайлау туралы

Об избрании Председателя Сената Парламента Республики Казахстан

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

КӨШЕРБАЕВ Қ.Е. – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы,
Руководитель Администрации Президента Республики Казахстан 2

ҚҰЛ-МҰХАММЕД М.А. 2

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. 3

КӨШЕРБАЕВ Қ.Е. 4

ҚҰРТАЕВ Ә.С. 4

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінен босату және осы қызметке сайлау туралы

Об освобождении от должности и избрании на должность Уполномоченного по правам человека в Республике Казахстан

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

КӨШЕРБАЕВ Қ.Е. 7

ВОЛКОВ В.В. 8

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының ант беруі туралы

О принесении присяги депутатами Сената Парламента Республики Казахстан

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ЖҮСІП Н.Б. 9

ЛУКИН А.И. 9

НҰРЖІПТОВА Д.Ө. 9

САФИНОВ Қ.Б. 10

СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. 10

ШӘКІРОВ А.О. 10

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасының Орынбасарын
сайлау туралы**

Об избрании Заместителя Председателя Сената Парламента Республики Казахстан

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ШӘКІРОВ А.О. 11

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының тұрақты комитеттерінің
төрағаларын сайлау туралы**

Об избрании председателей постоянных комитетов Сената Парламента Республики
Казахстан

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

АЙТПАЕВА С.М. 12

МҰҚАШЕВ Т.Т. 13

МАМЫТБЕКОВ Е.Қ. 14

БЕКТҰРҒАНОВ С.Ш. 14

ӘКІМОВ Р.Қ. 16

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты тұрақты комитеттерінің
құрамдарына Сенат депутаттарын сайлау туралы**


Об избрании депутатов Сената в составы постоянных комитетов Сената Парламента
Республики Казахстан

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы" РМК директоры



С. ТЕҢБАЕВ

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы" РМК
Стенографиялау қызметінің
жоғары санатты редакторы



И. ШЫНЫБАЕВА